

# ШҰҒАНЫН БЕЛГІСІ



## Алғысөз

Қолыңыздағы бұл комикс – қазақ әдебиетінің классигі, көрнекті жазушы Бейімбет Майлин қаламынан туған жүрекке әсерлі «Шұғаның белгісі» әңгімесі негізінде дайындалған көркем туынды.

«Шұғаның белгісі» – қазақ даласындағы шынайы махаббатты, тағдыр қайшылығын және әлеуметтік теңсіздікті терең бейнелейтін шығарма. Бұл туынды бір ғана Шұға мен Әбдірахманның емес, сол дәуірдегі көптеген жастардың арман-мұңы мен орындалмаған үмітін көрсететін өмір шындығы.

Комикс форматында біз Шұғаның нәзік болмысын, адал сезімін және кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін заманауи көркем тілмен жеткізуді мақсат еттік. Иллюстрациялар арқылы оқырман қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін және мәңгілік құндылықтардың мәнін терең сезіне алады.

Ізгі тілекпен,  
Комикс құрастырушысы  
Досымхан Нұрсәуле

### **Қысқаша мазмұны:**

«Шұғаның белгісі» әңгімесінде қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік пен шынайы махаббат тағдыры бейнеленеді. Шығармада сұлу әрі ақылды Шұға мен оны шын сүйген Әбдірахманның өмір жолы суреттеледі. Қоғамдық кедергілер мен әділетсіздік олардың бақытты болуына тосқауыл қойып, Шұғаның қайғылы тағдырына әкеледі. Оның артында қалған белгі – мәңгілік махаббаттың символы ретінде сақталады.

### **Шығарманың идеясы:**

- Шынайы махаббат – мәңгілік құндылық.
- Әлеуметтік теңсіздік адам тағдырына әсер етеді.
- Адалдық пен адамгершілік – ең асыл қасиеттер.

### **Тақырыбы:**

- Қазақ ауылындағы махаббат тағдыры.
- Әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік.
- Жастардың арман-мұңы мен рухани тазалығы.




Мынау алдымыздағы үлкен кел «Қамысақты» ғой. Сол сұрлеумен барып Шұғаның белгісінен қара жолды қиып аламыз

Біз екеу едік.

Менің астымда жортақылау тапал торы ат; жүргіштеу. Ер-тоқымым ескілеу, байлардың малға мінетін ер-тоқымы. Үстімде қонған үйімнен сұрап киген шидем күпі. Қолтығымдағы жыртығынан жел өтіп мазамды алыңқырап келеді. Жолдасым отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам, сиректеу сақал, мұрты бар.

«Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма?

Жоқ, әшейін, бір обашық



Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой.  
Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл  
өлкенің баласына шейін біліп болып  
еді...ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға  
еді-ау

Беркімбайдың әкесінің нағашысы - жаппас Есімбек дейтін болды. Өзі бай еді, жаппастың алды деуге боларлық. Беркімбайға арқа сүйеп, Есімбек сол «Өгіз сойғанның» ең шұрайлы жеріне қонушы еді. Өзі де жомарт, қонақпаз еді. Елге жағымды болып тұрды. Мал мен басы бірдей, құдай тілегін берген бір адам: ортан қолдай төрт ұлы болды - шетінен қасқыр.






Сол төрт ұлдың ортасында бұландап ескен Шұға дейтін қызы болды. Шұға десе Шұға. Шұға, өй, шіркіннің өзі де келбетті-ақ еді... ақ құба, талдырмаш, көзі қап-қара, осы, үріп ауызға салғандай еді. Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жөңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, бір түрлі паң еді-ау, шіркін...



Байдың қызы  
болған соң  
іріленгені ғой,  
тәкаппар

Осы күнгілердің бір тапқаны, қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші





Есімбек қызының бағын  
байлады. Енді бұған тәуір  
күйеу кездеспейді



Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар, қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды.





Мезгілімен келіп  
көрістіңіз-ау

Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп айдай қызды-қызды болып жатыр екен. Мен тегіс араладым. Бір отауда Шұға кездесті. Көрісіп амандасқаннан көзімді ала алмадым. Апырым-ай, адамзатта ондай сұлу болады екен-ау!.. Акқудың көгілдірігіндей осы аппақ. Үстінде шетін кестелеген ақкөйлек, омырауын неше түрлі ілгіштермен безеп тастаған қызыл пүліш қамзол, басында үкі таққан түлкі бөрік, өзі сұлу адамды мүлде одан жаман жандандырып, құбылдырып тұрды.





Мынау аттан түсіп  
жатқан кім?

Әбдірахман ғой



Мен Әбдірахманға амандасып, үйге ертіп жүрдім. Отаудың сықырлауығынан Шұғаның бізге сығалап қарап тұрғандығы білінді.






Әбдірахман жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учитель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң мектепті бітіріп шығыпты. Әбдірахман мектепті бітіргенде дыбысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш» бол деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп песірсіз тұр еді. Әбдірахманға песір бол деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады.



Еліңді қыстан шығардың ба, бала

Шүкір, шығардым

Түс ауа берген мезгілде ет жеп болып, жұрт бет-бетіне тарай бастады.




Шұға қалай екен,  
көрдің бе?

Ия, сен атынды байлап  
жатқанда отаудың  
есігінің алдында тұр еді  
ғой.




Сыртынан көрген  
бола ма, ауызба-ауыз  
сөйлеспеген соң.




Көрейін деп барып едім,  
көре алмадым

Ендеше бүгін алтыбақан  
құрады. Ауызба-ауыз  
сөйлесем.



Алтыбақанға жақындадық. Сөйлеген сөз, ойнаған ойын, қарандаған адам - бәрі де анық көріне бастады. Нақ біздің келуімізді күткендей екі қыз арқанға асылып ырғалып ән салды.



Күлзипа

Айнабайдың қызы Күлзипа сонда 17 шамасында шығар деймін. Орта бойлы, қара сұрлау, тік қабақ, сұстаныңқырап тұратын адам еді Айнабай өзі ат арқасына мініп жүрген соң қызын тәуір жігітке бергісі келіп Әбдірахманнан үміттенген. Жалпы жұрт - Күлзипаны Әбдірахман қайтсе де алады деп өздерінше сөзді біткенге есептейді.



Амансыздар ма!





.. Не мұндық, бұл дүниеде  
қыздар мұндық,  
Атадан болып мұндық неге  
тудық.



Атадан мұндық  
болып тумас едік,  
Бұрынғы ата-баба  
жолын қудық...




Біз келгенде ойын жаңа басталған екен. Шұғалар өлеңдерін тоқтатып, арқаннан түсті. Жай әзілмен көп уақыт оздырдық, Домбыра алдырып Әбдірахман ән салды. Бишара, жігіт еді ғой. Ондай ойындарда бір түрлі ұстайтын арқасы бар еді. Өлеңді түйдектетіп үзбестен соқты. Жұрттың бәрі Әбдірахманның аузына қарады.






Жеңеше,  
қайтамыз ба?



Неге асықтыңыз?

Жалт қарасам, Шұға үйіне кетіп бара жатыр екен.






Осы менің кәдейлігім-ау,  
бай баласы болсам, Шұға  
сөзсіз қабыл алар еді

...Әбдірахман ойыннан көңілсіздеу болып қайтты. Шұғамен сөйлескен сөзін, жай-  
күйін айтып мұңайды.



Мына хатты Шұғаға  
жазып отырмын.





Батыр-ау, мұның  
не?

Қайтейін, үйде отырғым  
келмеген соң жатқаным  
ғой

Бір түрлі қалың ойға шомып, екі көзі елдің сыртында, бірдемені күткен адам секілді. Не күткені белгілі - Базарбайдың келуі. Шұғаның хатты қалай қарсы алары белгісіз.



.. Арсаландап күліп жетіп, етігінің қонышынан бір жапырақ қағазды шығарып Әбдірахманға берді. Қолы дірілдеп Әбдірахман ашып оқыды. Әбдірахманның хатты оқып, ажары кіріңкірейін деді




Құрматлу мырза Әбдірахманға сәлем  
соңында айтарымыз: хатыңызды алдық,  
қазір пәлендей жауап бере алмаймыз,  
айыпқа бұйырмаңыз. Жазушы Шұға





...Хат жазысқан соң көп ұзамай-ақ Әбдірахман Шұғамен жақындасып кетті. Бірін-бірі сүйгендігі сондай, аз уақыт көрмесе, ынтық болып өле жаздаушы еді. Екеуі де менен сырын жасырмайды.






Жалпы жұрт пәлен демегенмен Айнабай тыныш қалмады. Шұға мен Әбдірахманның көңіл қосқан қалпын есіткенде Күлзипа жылапты деп қатындар өсек қылып жүрді. Үміттеніп жүрген адамы қызын менсінбей тастап кеткен соң Айнабай не қыларын білмей Есімбекке хабар тигізіпті





Әбдірахман кім?




Мен

Әйда, киін, болысқа барамыз


Қарсыласар дәрмен жоқ, естен танып қалдық. Жалма-жан атты жектіріп мен алып жүрмекші болдым. Ауылдың сексендегі шалы, сегіздегі баласына шейін жиылды, бәрі де тамаша көрді...әй, жұртта да дін жоқ-ау!..





Апырым-ай! Қайда  
барасындар?


Делбені жиыңқырап ұстап, айдай бергенімде ауылдың сырт жағындағы құдықтан келе жатқан екі әйел көрінді. Біреуі Шұға! Апырым-ау, жаман қуандым. Көзімнен жас шығып кетті. Қатарласып келгенімізде бізді танып екеуі де сұстыып тұра қалды.



Болысқа айдап  
барады



Айрылмай амал жоқ екенін екеуі де сезеді. Бірінің көзіне бірі қарап қатты да қалды...



Біз елден кететін күні, кешке жақын далада сөйлескенді шам керіп Есімбек Шұғаны жаман сөгіпті. Ағалары да қатандық қылған білем. Содан бері Шұға жылауда, тамақпен жұмысы жоқ десіп жүрді. Бірер күннен соң «Шұға ауру екен, төсек тартып қалыпты» дегенді есіттім.



Жайың қалай?  
Тәуірмісің

Құдай жазған болса  
бәріміз де көреміз.  
Ажарыңыз тәуір ғой,  
жазыларсыз



Тәуір емесіңу Тәуір  
болуды тілемеймін  
де...Сәлем, сәлем айт?

Жазылып керегі не? Бәрібір мен  
бақытты бола алмаймын. Әкем аяса,  
менің дертім жаныма батқан соң аяп  
отыр.





Мен үйге келсем Әбдірахманның қаладан келгенін естіп үйдің іші қуанып отыр екен. Шұғаның халын көріп қайғырып қайтсам, Әбдірахманның келгенін есіткен соң тасып кеттім. Менің қуануым ынтық болып жатқан Шұғаға Әбдірахманды әкеліп бір көрсету еді.

Біз ауылға жеткенде Беркімбаидың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Не айқанын есіте алмадым.

Ой, Шұға десе,  
Шұға еді-ау...

Есіттің бе, Шұға  
қайтыпты-ау







Шұғаның өлген орнын көру Әбдірахманға мақсұт болды. Жұрттың «өлді» дегеніне нанбағандай болды. Бәріміз келдік.

Есімбектің үйі ызы-шу, қым-қуыт екен. Келе жатқан кеп адамды көрген соң келіндері далаға шықты. Көздері қып-қызыл. Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан алып бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім.





Жолыңа құрбан қып ем жан мен  
тәнді,  
Дарига, айтылған серт болмай  
қалды.



Қош, сау бол, ойнап-күліп жолығармыз,  
Астында ақ туының пайғамбардың!..

Шұғаның сүйегін бұрынғы ескі қорымдарына қоймақ болып, Есімбек көшін түйеге теңдеп жөнелді. Келер жыл «Өгіз сойғанның» басына келіп қонған соң ел жиып асын берді. Сонда тұрғызған белгі еді... деп сөзін бітірді.





ШҰҒА

Әне, - деді жолдасым, - әне, Шұғаның  
белгісі көрінді...өй, өзі де Шұға десе,  
Шұға еді-ау!..